

Роберт Гук, 1635 -1703 .



18 шілде 1635 ж. ағылшын Уайт аралында дүниеге келген.

Физика саласында серпімділік үшін және деформацияны зерттеген ғалым ретінде танылды.

- ▶ Гук Роберт (ағылш. Robert Hooke; 1635 - 1703) - әйгілі ағылшын жаратылыстанушы, ағылшын Уайт аралында Фремуотер деген жерде жергілікті шіркеудің аға попы жанұясында дүниеге келді. Орта мектепті бітіргеннен кейін Оксфорд Университетіне түседі. Университеттегі мұғалімдердің бірі Р.Бойльге эксперименталды зерттеулеріне ассистент (көмекші) ретінде Г. Робертті ұсынады. Бойль мен Гук ынтымақтастығы нәтижелі болды.
- ▶ 1662 ж. Бойльдың көмегімен Гук Лондонның Корольдік қоғамына көрсетуші қызметіне орналасады. Бірақта Гуктың басты мақсаты ғылыми зерттеулер еді. Гук алғашқы жеке өзі жазған капиллярлық құбылысқа арналған еңбегін 1661 жылы жариялады. Кейін ол астрономиялық құрал-саймандарды ойлап табу және оларды жетілдірумен айналысты, биологиялық, географиялық, геологиялық зерттеулер жүргізді. Әрбір осы салаларға ол өзінің үлкен үлесін тигізді.

ROBERT HOOKE
1655-1705
Scientist
Architect
Engineer



- ▶ Гук өзінің 1665 ж. жарық көрген «Микрография» атты еңбегінен кейін әйгілі болды. Бұл кітапта Гук өзі жетілдірілген микроскоппен көп зерттеулерін жүйелеп баяндайды. Тағы да бұл кітабында Гук жарықтың табиғаты жайында ойларын жазып кетеді, бұл ойлары үшін ол жарықтың толқындық теориясын қалаған ғалымның бірі болып саналады.[1]
- ▶ 1666 жылдан бастап көп жылдар бойы Лондонның Корольдік қоғамына, әртүрлі жаратылыстану мәселелеріне арналған лекцияларын оқиды. Бұл лекцияларда Гук өзінің зерттеулерінің нәтижелерін және басқа ғалымдардың еңбектеріне анализдерін баяндайды. Лекцияларының бірі серпімділік мәселеріне арналды. Серпімділіктің түсініктемесінің кең түрде түсінік беруі (Гук термині бойынша «қайтарушы күш») оны жалпы заңды орнатуға алып келді, бұл заң Гук атымен аталады. Гуктың теориялық қорытындысы эксперименттермен дәлелденіліп келетіндіктен оның серпімділік заңы ешқашан күдік тудырмады.



- ▶ Әйтсе де Гуктың жан-жақты ғылыми қызығушылығының теріс нәтижелері де болды. Ол өзінің зерттеулерін жиі аяғына дейін жеткізбейтін, мысалға, Ньютонның бүкіл әлемдік тартылыс заңына негіз салған болатын, Гук 1674 ж. Ньютонның көз қарасына сәйкес көз қарастары жарияланған.
- ▶ Бірақта ғылымға деген шынайы берілгендігі арқасында, өзінің қиын мінезіне қарамастан Гукты Англияда ғана емес, Еуропада да құрметтейтін.